

## Мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын шығаруды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 27 қазандағы N 902 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.*

Мұнай өндіруші өнеркәсіпті бірінші кезекте дамытуға және оны машиналармен және жабдықтармен қамтамасыз ету ісіне мемлекеттік тұрғыда маңыз бере отырып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары м и н и с т р л і г і :

1992 жылы Петровский атындағы зауытта СКД-6 тектес тербелме станоктардың 100 данасын, ал 1993 жылдан бастап жылына кем дегенде 250 данадан ж а с а п шығаруды ;

Петровский атындағы зауытының бұйымдардың алғашқы тобын шығаруға байланысты артық жұмсаған 25 миллион сом шығынын өтеуді;

"Қазауырөнеркәсіпмататура" өндірістік бірлестігінде бағандық қалпақшалардың, фонтандық және энергетикалық арматураның әр атауы бойынша 5 данадан бірінші өнеркәсіптік тобының 1993 жылғы қаңтардан бастап шығаруды ұ й ы м д а с т ы р с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Мемэкономкомы Петровский атындағы зауытқа өндірісті техникалық жағынан әзірлеу үшін инвестициялық қор есебінен 25 миллион сом мөлшерінде жеңілдетілген несие бөлсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкісінен:

1992 жылы Петровский атындағы зауыт пен "Қазауырөнеркәсіпмататура" өндірістік бірлестігіне жаңадан игерілетін өнімдер үшін шикізат, жинақтаушы материалдар сатып алуға тиісінше 57 және 60 миллион сом мөлшерінде жеңілдетілген несие бөлу туралы;

"Қазауырөнеркәсіпмататура" өндірістік бірлестігіне республика ішіндегі ведомстволардың өзара есеп айырысуы үшін берілген 32,45 миллион сом мөлшеріндегі несие бойынша төлену мерзімін 1992 жылғы 1-желтоқсанға дейін ұ з а р т у т у р а л ы с ұ р а л с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары

министрлігі, Мемэкономкомы, Өнеркәсіп министрлігі 1992 жылғы 1-желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының кәсіпорындарында мұнай кәсіпшілігіне аса ділгір жабдықтарды шығару бағдарламасын әзірлесін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК